



**ДӘРІГЕР ТҰЛҒАСЫ.
КӘСІПТІК
ДЕФОРМАЦИЯ
атты электронды
студенттің өзіндік
жұмысына қош
келдіңіздер**

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

ДӘРІГЕР ТҰЛҒАСЫ. КӘСІПТІК ДЕФОРМАЦИЯ

Қабылдаған: Жолдас К

Орындаған: Арапова А

Тобы: ЖМ -103

Түркістан-2012ж



Жоспар

I. КІРІСПЕ

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. ДӘРІГЕР ТҰЛҒАСЫ. КӘСІПТІК ДЕФОРМАЦИЯ
ДӘРІГЕР ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР,
АЙТЫЛАТЫН ӨСИЕТТІЛЕКТЕР

2. ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ
ТҮСІНІСТІК

3. ДЕРТТІҢ АУРУ АДАМҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



MedicalPlanet.su
— медицина для вас.


ДӘРІГЕР ТҰЛҒАСЫ. КӘСІПТІК ДЕФОРМАЦИЯ ДӘРІГЕР ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР, АЙТЫЛАТЫН ӨСИЕТТІЛЕКТЕР

Дәрігер мамандығы - ең көне кәсіптердің бірі. Мындаған жылдар бойы дәрігер жұрт арасында, әсіресе сол заманның зиялыларының ішінде, әртүрлі сезімдер тудырған. Ол сезімдердің қайшылығы, орта ғасырларда дәрігерге берілген анықтамадан бейнеледі: дәрігер - (үш жүзді). Яғни, халықтың ойы бойынша, дәрігер үш жүзді болған: кәдімгі өмір жағдайында - әдепті адам, науқастың жанында - періштедей, ал гонорарды талап еткенде - шайтандай. Материаллық құндылықтар жүрген жерде, бақылау да жүреген, қоғам әрқашан да медициналық әрекетті бақылауға алыш, үнемі қадағалап отыр.

Ежелден дәрігер тұлғасы ерекше талап қойып, өсиеттер айтып, олардың білімі мен біліктілігіне және адамгершілік қасиеттеріне көп мән берген. Бүгінгі күні де, адамдар дәрігерлерге ерекше көзқарас білдіріп, олардың, мамандық тәжірибесіне, қайырымдылығы мен әдептілігіне, басқа қабілеттеріне көп үміт, міндет артады. Ал тәжірибелік дәрежесі және білгерлігі жоғары дәрігерге, тұрғындар үлкен құрмет, сый көрсетіп, оның абыройын, беделін көтере түседі. Орыстың белгілі жазушысы А.П.Чехов: «Адамның тұлға бойында сыртқы пішіні, жан дүниесі мен ойлары, "киген киімі - бәрі де өте ғажап болуы қажет», - деген екен. Өзінің негізгі мамандығы дәрігер болған соң, білікті жазушының бұл айтқанын, «дәрігер мамандығы бар адамдардың бойына қажет қасиеттерден құралған-ау» - деп ұғынуға да болады. Шынында, басқа мамандықтарға карағанда, дәрігердің өмірі, оның қылықтары, жүріс-тұрысы көпшіліктің көзіне жиі түсіп, олардың «сынына» тұрақты ілінеді деуге болады. Бұлай болудың өзіндік себебі бар, өйткені дәрігер көбінесе мәдениеттіліктің, зиялылықтың, салауатты өмір салтының үлгісі бола отырып, сол қасиеттердің үгітшісі де болып табылады. Әсіресе ауылды жерде бұл - айқын сезіледі.

Дәрігер әрқашан өзінің сыртқы пішініне, күнделікті киетін киіміне, мінез-құлқына, сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына тұрақты түрде көңілін бөліп отыруы өте қажет. Дәрігердің киген киімі өзіне шақ, таза және қарапайым болғаны дұрыс. Әрине, дәрігердің киімі өз заманының сәніне, модасына сәйкес болғаны да дұрыс, өйткені әдемі және сәнімен киіну - жалпы мәдениеттіліктің белгісі. Бірақ, сән сақтап, «модадан калыспаймын» - деп жұмысқа, өзінің мамандығына, мінез-құлқына, қоғамдағы орнына сәйкес келмейтін киім киіп, әртүрлі әшекей тағу да ерсі жағдай, Сән (мода) жаңалықтарының бәрі бірдей дәрігер мамандығына сәйкес келе бермейді. Тіпті кейбір жағдайларда, дәрігерлерге, әсіресе әйел дәрігерлерге, жұмыс уақытында әсемдікті сақтауды мүлде ұмытуға да тура келеді.

Мысалы, хирург әйелдер, қызмет уақытында тырнағын ұзын етіп өсіріп, оны бояп, шашын әсемдеп, саусақтарына сақина, білегіне білезік тағып жүре алмайды.



Дәрігердің мінезі сыпайы болса, қызмет этикетін дұрыс сақтаса, ауру адамдар онымен ашық сөйлесіп, айтқан сөзіне сеніп, көңілдері көтеріңкі болып жүреді. Ондай дәрігер, әрбір ауру адамның мұң-мұласының түсініп, олардың жасына, жынысына, сырқатының түріне қарай керекті, құлаққа жағымды сөздер тауып, көңілін жұбатады. Ал жағымды сөздің ауру адамға деген әсері туралы біз жоғарыда аңгімелегенбіз. Сондықтан, жас дәрігер, өзін-өзі тәрбиелеуге көп мән беріп, оған тұрақты көңіл бөліп отыруы қажет.

Медициналық деонтологияға, моральдік, этикалық принциптерге қайшы келетін тәртіп, тәжірибесі мол, жасы үлкен дәрігерлер арасында да кездеседі. Өзінің мол тәжірибесіне маңызданып, көп білгішсініп, ешкімнің пікірін тыңдамай, әріптестерін менсінбей жүретін дәрігерлер де аз емес-ау!

Бұндай дәрігерлер, ұжым жұмысының нәтижесі жақсы бола қалса, жетістіктердің бәрін өз үлесіне қосып, ал кемшіліктер болған сәтте, өз бойынан мін таппай, басқаларды айыптап, кателіктердің бәрін солардың мойнына артады. Бір ұжымда қызмет атқарып жүрген әріптестер арасында жиі кездеспесе де, байқалып тұратын тағы бір өте зиянды жағдай

біреудің жетістіктерін көре алмаушылық, қызғаныштық. Бойларында осы «қасиеттері» бар дәрігерлер коллективтің соры. Өйткені ондай «маман» жүрген жерінде өтірік, қызғаныштық, қастық, т.б. жалпы қоғамдық моральға, этикаға жатпайтын қылықтар тудырып жүреді. Олар жақсы маман - дәрігерлердің беделін төмендету үшін, оның соңынан жалған сез, теріс пікір айтып, кішігірім жіберген қателері болса, оны үлкейтіп, керкемдеп, ел арасына таратуды көздейді. Жақсы дәрігерді олар ауруларға, туған-туыстарына жамандап, каралауға дейін барады. Әріптесінің жетістіктерін көре алмау, қызғаныштық білдіру ең тұрпайы және қауіпті қасиеттердің бірі.

Сондықтан, осындай қасиеттерден әрқашан аулақ болуға тырысу керек. Керісінше, езіңнен ақылы, мамандық және өмірдегі тәжірибесі, білімі, мәдениеттілігі артық әріптестерінен әрдайым үлгі алып, үйреніп отыру керек.

Медициналық этика мен деонтологияның өзекті мәселелерінің бірі - дәрігер мен ауру адамның туыстары, жолдас-жоралары, қызметтес әріптестері арасында туатын қарым-қатынас. Ауру адам емханаға түскен сәттен бастап, оның туған-туыстары, жолдас-достары, т.б. хал-жағдайын, дертінің түрін, оның «ауру адамның өміріне, болашағына тигізетін әсері қандай» деген сұрақтарға дәрігерден жауап алуға тырысады.



ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТҮСІНІСТІК

Медицина тарихының қай кезінде болмасын, медициналық қызмет көрсету үстінде, дәрігер мен науқас арасындағы сенімділік, түсіністік әрқашанда негізгі орында бодды.

Мемлекет және қоғам, еліміздің азаматтарының өмірі мен денсаулығын сақтауды ерекше қамқорына алады, яғни әр адамның дұрыс өмір сүруіне, дамуына және денсаулығын қорғау үшін жағдай жасайды. Әрине бұл қызметті жүзеге асыру маңызды орынға ие. Дәрігердің өз қызметін атқаруы кезіндегі басты мақсаты - адам емі-рін сақтап қалу, аурулардың алдын алу, денсаулықты қалпына келтіру, сондай-ақ емі жоқ аурулардың бейнетін азайту болып табылады. Өз міндеттерін дәрігер Гиппократтың антыш қабылдағаннан кейін, өзінің ішкі дауысына, ар-намысына және гуманизм (ізгілік) принципін басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады.

Дәрігер науқасқа көрсеткен медициналық қызметінің сапасына жауап береді. Ол өз қызметінде еліміздің заңдарының талаптарына сәйкес, науқас мүддесін ескере отырып, аурудың ерекшеліктеріне қатысты онымен күресу әдістерін тандап.

Дәрігер мен науқас арасындағы әріптестік кеткендей, олардың біріге отырып бірін-бірі «әріптес» деп танып, ауруды. Дәрігер мен науқас арасында өзара *түсіністік, келісім* болу керек. Науқастың дайындау құқығы бар және дәрігер науқастың бұл таңдауын сыйлауы керек.

Дәрігер мен науқастың арасында түсініспеушілік болмас үшін, шұғыл көмектен басқа кездерде, науқас дәрігерге жолығып кеңес (консультация) алады, және осы кезде дәрігер науқастың ерікті келісімін алады. Сондай-ақ дәрігер науқасқа оны емдеу әдістері, оны қолдану жолдары, асқыну мүмкіндігі және басқа да альтернативті емдеу әдістері жөнінде хабардар етеді.

Науқасты ескертпей емдеу шараларын жүргізу, тек қана науқастың өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде ғана рұқсат етіледі. Бұндай шешімді қабылдау алқалы түрде қарастырылғаны дұрыс. Балаларлы емдеу кезінде, дәрігер міндетті түрде баланың ата-анасымен мақұлдасып, келісімін алуы қажет. Дәрігер науқастың ар-намысын, жеке бас құқықтарын сыйлауы керек, оған мейірімділікпен қарап, жеке бас құпияларын бағалап, туғандарының және жақындарының, жағдайын түсіністікпен қарап білуі қажет.



Әрине, осы талаптар орындалмағандықтан, дәрігер мен науқас арасында түсініспеушіліктер туындай бастайды.

Дәрігер мен науқас арасындағы түсініспеушілік дегеніміз дәрігер науқасқа медициналық көмек көрсету барысындағы науқасқа дәрігердің көрсеткен көмегіне қанағат тұтпауы кезінде пайда болатын қарым-қатынас түрі.

Қазіргі таңда еліміз дами келе, науқас пен дәрігер арасындағы түсініспеушілік орын алғанда, науқастардың арыз жазуы елеулі түрде өсті. Бұған әлеуметтік-экономикалық шарттардың өзгеруі, қоғам санасының өсуі, ақылы қызметтің көбеюі себеп болып отыр. Бұл түсіністеушіліктер емдеу мекемелерінен, денсаулық сақтау жүйесінен сот инстанцияларына дейін жетеді, яғни дәрігерге қатысты іс қозғалып, соттық дау туындауы мүмкін.

Құқықтық жауапкершілік ретінде біз дәрігердің кәсіби қызметін, әрекет етуші, заңға сәйкес жүзеге асырып және сол заң бойынша жауапкершілік міндетін түсінуіміз қажет.



ДЕРТТІҢ АУРУ АДАМҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Дерттің адамға жасайтын психологиялық әсері дәрігер жұмысында өте маңызды орын алады. Ішкі ағза аурулары науқасқа екі түрлі әсер жасайды:

- соматогендік;
- психогендік.

Науқас психикасына дерттің соматогендік әсері адамның орталық жүйке жүйесіне соматогендік зияндылығына (гемодинамиканың бұзылуы, улану, т.б.) байланысты.

Мысалы, қатерлі ісікте күшті ауыру сезімінің әсері, жүрек ақауларындағы өттегі жетіспеушілігінің әсері, перитонитте улануы, т.б. Психогендік әсерлер науқас адамның тұлға ретінде өз дертіне көзқарасына, қатынасына, реакциясына байланысты дамиды. Ауру (дерт) науқас адамға зақымдау факторлары (қатты ауыруы, улануы, т.б.), арқылы әсерін тигізіп, түрлі сезім туғызады және адамның психологиясына, өміріне, жұмысқа жарамсыздық, туыстарымен қарым-қатынасының өзгеруі сияқты қиындықтар әкеледі.

Бұның бәрі адамның ауруга деген көзқарасын, қарым-қатынасының түрін қалыптастырады. Адамның өз ауруына қалыпты, адекватты көзқараста болмауы кейбір бас миы дерттерінде (ісік) кездеседі.

Қоғам ауырған адамға құқық бере отырып, сонымен қатар оған міндет де артады. Мысалы, ауру адам емделуге, жұмыстан уақытша босатылуға, қаражат алуға құқықты.

Оның міндеті - тез арада сауығу, дәрігер нұсқауын толық орындау, т.б.

Науқаспен кездескенде дәрігер ауру белгілерімен қатар, сырқаттанған адамның дерт туралы аңызын (миф), өз өмірінде оның алатын орнын, құндылығын, пайда болу себептерін және оның мүмкін деген түпкі нәтижесі жөнінде адамның ойларымен, күйзелістерімен де танысады. Сондықтан, дәрігер, адам санасының психикалық заңдылықтарын біліп, дайын болуы қажет. Сырқаттанудың нәтижесінде, адам алдымен түсініксіз жағдайының өзгеруін, жағымсыз сезімдердің пайда болғанын байқайды. Осыған байланысты адам ойында ауру туралы көзқарас, әрекеттер, уайымдар байқалады.





ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

www.google.kz

www.ref.z

www.36ekter.ucoz.kz

Назарларыңызға рахмет !!!